



ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ —
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

**Рахманқұл
БЕРДІБАЙ**



P. George Day

PHOTOGRAPHY
UNIVERSITY

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ — АКАДЕМИЯ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана

Рахманкул БЕРДИБАЙ

АЛМАТЫ
«БЫЛЫМ»
1998

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ — ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар

Рахманқұл
БЕРДІБАЙ

АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1998

Бас редактор

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының
академигі *А. Қ. Қошанов*

Жауапты редактор

филология ғылымының докторы, профессор
Ш. Ыбраев

Құрастырушылар:

филология ғылымының кандидаты *С. С. Қорабай,*
Д. Жақанова

Главный редактор

академик Академии наук Республики Казахстан
А. Қ. Қошанов

Ответственный редактор

доктор филологических наук, профессор
Ш. Ибраев

Составители:

кандидат филологических наук *С. С. Қорабай,*
Д. Жақанова

ISBN 5—628—02425—2

© Қорабай С. С., Жақанова Д.,
құрастырушылар, 1998

О Қ Ы Р М А Н Д А Р Ғ А

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҒА Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Рахманкүл Бердібайға арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектерінің тізімі мен ол туралы әдебиеттер енгізілді.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде алфавит реті бойынша, алдымен қазақша, одан кейін орыс тілінде жарияланған еңбектер беріліп отыр.

Еңбектердің алфавиттік көрсеткішінде және бірлесіп жазылған авторлардың атаулар көрсеткішінде сілтемелер еңбектердің хронологиялық көрсеткішінде орналастырылған жұмыстардың рет санымен берілген.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель — продолжение серии библиографий ученых Казахстана — посвящен члену-корреспонденту Академии наук Республики Казахстан, доктору филологических наук, профессору, лауреату премии им. Ч. Ч. Валиханова АН РК, заслуженному деятелю науки РК Рахманкулу Бердибаю.

Библиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, перечень его публикаций и литературу о нем.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года — по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем — на русском.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ
Р. БЕРДІБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ
НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Рахманқұл Бердібай 1927 жылы 2 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында Ихан кентіне жақын Көкіш деген ауылда туған.

1935—1942 жж. Түркістан ауданындағы Ащысай кентінде орта мектеп оқушысы.

1943—1944 жж. Түркістан педагогика училищесін бітірген.

1944—1945 жж. Ащысай кенішінің нормировщикі.

1945 ж. «Оңтүстік Қазақстан» облыстық газетінде «Жас кенші» деген өлеңі басылды.

1945—1946 жж. Қазақ Мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті.

1946—1948 жж. Ащысай қазақ орта мектебінің мұғалімі.

1948—1949 жж. Қызылорда пединститутын бітірген.

1948—1953 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының Ильич, Мақтарал және Фрунзе аудандарында орта мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің инспекторы.

1953—1954 жж. Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранты.

1955—1959 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қызметкер, сын бөлімінің меңгерушісі.

1959 ж. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

1961 ж. Қазақстан Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері.

— Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесінде филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазіргі қазақ романындағы сюжет проблемасы» деген тақырыпта диссертация қорғады.

1963 ж. Қазақстан Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері.

1964 ж. «Әдебиет және өмір» атты әдеби-сын мақалалар жинағы жарық көрді.

1966—1968 жж. «Социалистік реализм туралы», «Қазіргі қазақ прозасындағы замандас бейнесі», «Роман және заман» деген кітаптары жарияланды.

1967 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды.

1968—1970 жж. Қазақ совет энциклопедиясы Бас редакциясының жауапты хатшысы.

1969 ж. Душанбе қаласында өткен ғылыми-теориялық конференцияда әдеби сын тенденциялары туралы баяндама жасады.

1970 ж. Қазақстан Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері.

— «Қазіргі қазақ романының теориялық проблемалары» деген тақырыпта филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

— «Гүлстанның бұлбұлдары» атты зерттеулер, мақалалар жинағы шықты.

1971 ж. «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы» деген монографиясы жарияланды.

1973 ж. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклор бөлімінің меңгерушісі болып сайланды.

— «Дәстүр тағылымы» атты әдеби-сын мақалалар жинағы басылды.

— Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінің ректоры болып бекітілді.

1975 ж. Әл-Фарабидің 1105 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияда «Әл-Фарабидің әдебиеттегі бейнесі» туралы баяндама жасады.

— «Қазақ романы» деген кітабы баспадан шықты.

1976 ж. Бүкілодақтық екінші түркологиялық конференцияда (Алматы) баяндама жасады.

— КСРО Жазушылар одағының съезіне делегат боп қатысты.

— «От легенды к роману», «Достық кемесінде» кітаптары жарыққа шықты.

1977 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

— «Ғасырлар толғауы» атты мақалалар мен зерттеулер жинағы жарияланды.

1978 ж. Қазан және Уфада өткен ғылыми-теориялық конференцияларда «Қазіргі қазақ романы»; «Қазақ-башқұрт фольклорлық байланыстары» жөнінде баяндама жасады.

1979 ж. «Қазақ тарихи романы» монографиясы жарық көрді.

1980 ж. Бүкілодақтық үшінші түркологиялық конференцияда (Ташкент) «М. Әуезов және фольклортану» деген тақырыпта баяндама жасады.

— «Биік парыз» атты мақалалар мен зерттеулер жинағы баспадан шықты.

1981 ж. Кишинев қаласында өткен фольклорлық мұралар басылымдары мәселесіне арналған ғылыми-теориялық конференциясына қатысты.

— «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

— Қазақ мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры.

1982 ж. «Қазақ эпосы» монографиясы басылды.

1983 ж. «Сарқылмас қазына» атты кітабы шықты.

1984 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығымен «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.

— Ғылыми білімдерді насихаттауға аса көрнекті үлес қосқаны үшін Бүкілодақтық «Білім» қоғамының С. И. Вавилов медалімен марапатталды.

— «Өшпес өнеге» деген кітабы жарияланды.

1985 ж. «Замана сазы» атты еңбегі баспадан шықты.

— Бүкілодақтық төртінші түркологиялық конференцияда (Ашхабад) «Эпостың тарихилығы» туралы баяндама жасады.

— Әдебиет сыншыларының халықаралық ассоциациясы Конгресінде «Әдеби сынның мәдени мұраны насихаттаудағы ролі» тұрасында баяндама жасады.

1987 ж. «Ғылым» баспасынан еңбектерінің «Библиографиялық көрсеткіші» шықты.

— КСРО Ғылым академиясының, Азербайжан ССР Ғылым академиясының кеңес түркологтар қоғамының органы — «Советская тюркология» журналының редакция алқасы мүшесі.

1989 ж. Бүкілодақтық бесінші түркология конференциясында (Фрунзе) «Манас және эпикалық дәстүр» деген тақырыпта баяндама жасады.

— Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

— 10 класқа арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығы (С. Қирабаев, Н. Ғабдуллинмен бірлесіп жазылған) жарыққа шықты.

— «Кәусар бұлақ» атты кітабы жарияланды.

1990 ж. Алматы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы.

— «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұжымдық монография авторының бірі ретінде Қазақстан Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлығы берілді.

— Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді.

1993 ж. Қазақстан — Иран достығының төрағасы болып сайланды.

1995 ж. Абайдың 150 жылдығына арналған ғылыми конференцияда «Абай және фольклор» деген баяндама жасады.

— «Ұлы Отан соғысы жеңісіне 50 жыл» медалімен марапатталды.

— Түркия Республикасындағы «Түрік тілі қоғамының» құрметті мүшесі болып сайланды.

— «Эпос — ел қазынасы» деген монографиясы басылды.

— «Қазақстанның «Экология» атты халық академиясының академигі болып сайланды.

— «Манас» эпосының 1000 жылдығына арналған халықаралық конференцияда «Түркі халықтары эпосындағы ортақ сарындар» туралы баяндама жасады.

1996 ж. «Байкалдан Балқанға дейін» атты публицистикалық мақалалар жинағы шықты.

— «Әмір-Темір және әлем тарихының мәселелері» деген халықаралық симпозиумда «Әмір-Темірдің фольклор мен әдебиеттегі бейнесі» деген баяндама жасады.

— Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Жамбылдың 150 жылдығына арналған ғылыми сессиясында «Ақындар ата-сы» деген тақырыпта баяндама жасады.

— Халықаралық қоғамдық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі.

— Түрік халықтары мен ұлыстарының достығы, туысқандығы ісбірлігі құрылтайына (Анкара) қатысты.

1997 ж. «Тарихи роман», «Эпос мұраты», «Мұхтар шыңы» деген кітаптары баспадан шықты.

— «Көзқамандар» деген мақаласы Түркияның «Біліг» журналында басылды.

1998 ж. Отан алдында ғылымға сіңірген еңбегі үшін «Парасат» орденімен марапатталды.

— «Эпос — ел қазынасы» атты монографиясы үшін Махмұд Қашғари атындағы Халықаралық сыйлық берілді.

— Меккеге қажылыққа барып қайтты.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧЛЕНА-КОРРЕСПОНДЕНТА АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Р. БЕРДИБАЯ

Рахманкул Бердибай родился 2 декабря 1927 года в ауле Кокиш вблизи поселка Ихан Туркестанского района Южно-Казахстанской области.

1935—1942 гг. Учился в средней школе поселка Ащисай Туркестанского района.

1943—1944 гг. Окончил Туркестанское педагогическое училище.

1944—1945 гг. Работал нормировщиком Ащисайского рудника.

1945 г. В областной газете «Оңтүстік Қазақстан» было опубликовано стихотворение Р. Бердибая «Молодой горняк».

1945—1946 гг. Студент филологического факультета Казахского государственного университета.

1946—1948 гг. Учитель Ащисайской казахской средней школы.

1948—1949 гг. Окончил Кызылординский пединститут.

1948—1953 гг. Директор средней школы, инспектор районного отдела народного образования в Ильичевском, Мактаральском и Фрунзенском районах Южно-Казахстанской области.

1953—1954 гг. Аспирант Казахского государственного университета.

1955—1959 гг. Литературный сотрудник, затем заведующий отделом критики газеты «Қазақ әдебиеті».

1959 г. Член Союза писателей Казахстана.

1961 г. Научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахстана.

— На ученом совете Казахского государственного университета защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук на тему «Проблемы сюжета в современном казахском романе».

1963 г. Старший научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахстана.

1964 г. Выход в свет сборника литературно-критических статей «Литература и жизнь».

1966—1968 гг. Изданы книги «О социалистическом реализме», «Образ современника в современной казахской прозе», «Роман и современность».

1967 г. Награжден Грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

1968—1970 гг. Ответственный секретарь Главной редакции Казахской советской энциклопедии.

1969 г. Выступил с докладом о тенденциях литературной критики на научно-теоретической конференции в г. Душанбе.

1970 г. Старший научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахстана.

— Защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора филологических наук на тему «Теоретические проблемы современного казахского романа».

— Вышел в свет сборник исследований и статей «Соловьи Гулистана».

1971 г. Издана монография «Становление казахской советской литературы».

1973 г. Избран заведующим отделом фольклора Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова.

— Выход сборника литературно-критических статей «Уроки традиции».

— Назначен ректором Алматинского городского народного университета казахской литературы и искусства.

1975 г. Выступил с докладом «Образ аль-Фараби в литературе» на Международной научной конференции, посвященной 1105-летию аль-Фараби.

— Выход книги «Казахский роман».

1976 г. Выступил с докладом на Второй Всесоюзной тюркологической конференции.

— Участвовал в работе съезда Союза писателей СССР в качестве делегата.

— Вышли в свет книги «От легенды к роману» (на русском языке), «На корабле дружбы».

1977 г. Награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

— Выход сборника статей и исследований «Раздумье веков».

1978 г. Выступил с докладами «Современный казахский

роман», «Казахско-башкирские фольклорные связи» на конференциях в городах Казани и Уфе.

1979 г. Выход монографии «Казахский исторический роман».

1980 г. Выступил на Третьей Всесоюзной тюркологической конференции в г. Ташкенте с докладом «М. Ауэзов и фольклористика».

— Вышел в свет сборник статей и исследований «Высокий долг».

1981 г. Участвовал в работе научно-теоретической конференции, посвященной вопросам изданий фольклорного наследия (г. Кишинев).

— Награжден медалью «За трудовую доблесть».

— Профессор кафедры казахской литературы Казахского государственного университета.

1982 г. Издана монография «Казахский эпос».

1983 г. Вышла в свет книга «Неиссякаемое сокровище».

1984 г. Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР присвоено звание «Заслуженный деятель науки Казахской ССР».

— За выдающийся вклад в пропаганду научных знаний награжден медалью С. И. Вавилова Всесоюзного общества «Знание».

— Вышла книга «Немеркнувший пример».

1985 г. Выход книги «Мелодии времени».

— Выступил с докладом «Историзм эпоса» на Четвертой Всесоюзной тюркологической конференции (Ашхабад).

— Доклад «Роль литературной критики в пропаганде культурного наследия» на Конгрессе Международной ассоциации литературных критиков.

1987 г. В издательстве «Гылым» вышел «Библиографический указатель» трудов.

— Член редколлегии журнала «Советская тюркология» — органа Академии наук СССР, Академии наук Азербайджанской ССР и Общества советских тюркологов.

1989 г. Выступил с докладом «Манас» и эпическая традиция» на Пятой Всесоюзной тюркологической конференции (Фрунзе).

— Избран членом-корреспондентом Академии наук Казахстана.

— Издан учебник «Казахская советская литература» для 10 класса, написанный в соавторстве с С. Кирабаевым и Н. Габдуллиным.

— Издание книги «Чистый родник».

1990 г. Председатель Алматинского городского общества «Қазақ тілі».

— Присуждена премия им. Ч. Ч. Валиханова АН Казахстана за коллективную монографию «История казахской фольклористики».

— Указом Президента Республики Казахстан присвоено звание «Заслуженный работник культуры Республики Казахстан».

1993 г. Избран председателем Общества дружбы «Казахстан — Иран».

1995 г. Доклад «Абай и фольклор» на научной конференции, посвященной 150-летию Абая.

— Награжден юбилейной медалью «50 лет Победы в Великой Отечественной войне».

— Избран почетным членом «Общества турецкого языка Республики Турция».

— Увидела свет монография «Эпос — сокровище народа».

— Избран академиком Народной академии Казахстана «Экология».

— Выступил с докладом «Общие мотивы в эпосе тюркских народов» на Международной конференции, посвященной 1000-летию эпоса «Манас».

1996 г. Издан сборник публицистических статей «От Байкала до Балкан».

— Доклад «Образ Амира Тимура в фольклоре и литературе» на Международном симпозиуме «Амир Тимур и вопросы мировой истории».

— Выступил с докладом «Отец акынов» на юбилейной научной сессии Национальной Академии наук Республики Казахстан.

— Почетный академик Международной академии Чингиз Айтматова.

— Участвовал в работе курултая дружбы, взаимопонимания и делового сотрудничества тюркских народов и народностей (Анкара).

1997 г. Изданы книги «Исторический роман», «Цели эпоса», «Вершина Мухтара».

— Статья «Қозкаманы» опубликована в журнале «Білігі» (Турция).

1998 г. За заслуги перед республикой награжден орденом «Парасат».

— Присуждена Международная премия имени Махмуда Кашгари за монографию «Эпос — сокровище народа».

— Совершил хадж в Мекку.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ
Р. БЕРДІБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ, ӘДЕБИ-СЫНШЫЛЫҚ
ЖӘНЕ ПЕДАГОГТИК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША
ОЧЕРКІ

Рахманқұл Бердібай 1927 жылы 2 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының Ихан кентіне жақын Көкіш деген ауылда туған. Ащысай кенішіндегі орта мектепте оқып, 1943—1944 оқу жылында Түркістан педагогтік училищесін бітірген.

1944—1945 жылдарда Ащысай кенішінің нормировщикі болып істейді, кеншілердің ауыр да абыройлы еңбегімен танысады. Осы кезде сл өлең, очерк жазумен шұғылдана бастайды. «Жас кенші» деген алғашқы өлеңі 1945 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетінде басылады. Кеншілер жайындағы кейбір очерктері де («Оныншы горизонтта» т. б.) жарық көрген. Осы кезеңде ол Ащысай кенішіндегі клубта көркем өнерпаздар үйірмесін басқарады: Құрманғазы, Дәулеткерей күйлерін үйренеді, хорға қосылып айтушыларды гармоньмен сүйемелдейді, аудан көлемінде концерттер қояды.

Фашистік Германияға қарсы соғыс жеңіспен аяқталған соң, Р. Бердібай да өзге құрбыластары қатарында оқып жүріп, Алматыға келеді. Әуелгі көздеген оқу орны консерватория еді. Консерваторияға түсуге қабілеті жеткенімен, жатақханасы, асханасы жоқтығы да оқуға мүмкіндік бермеді. Содан кейін қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің филология факультетіне құжаттарын тапсырады. Бірақ бұған да түсу жеңіл болмады, бұл келгенше филология факультетіне оқушылар қабылданып қойыпты. Ауылда жүргенде газеттерде шыққан өлеңдері мен очерктерін көрсетіп, университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры Х. Ибрашевтің көмегімен сқуға қабылданды.

Р. Бердібай университетте үш семестр үздік бағамен оқып, кейіннен сырттай оқу бөліміне ауысады. 1947 жылдың 1 қаңтар күні университеттің әуесқой домбырашыларымен бірге опера және балет театрының сахнасында бірнеше күй тарта-

ды. Сырттай оқыған жылдарда (1947—1948) ол Ащысай кенішіндегі орта мектепте қазақ әдебиетінен сабақ береді.

1948—1949 оқу жылында ол Қызылорда мемлекеттік педагогтік институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп шығады. Оған сол кезде Қызылорда пед. институтында сабақ берген ғұлама Әуелбек Қоңыратбаевтың дәрістері күшті әсер етеді. Облыстық «Ленин жолы» газетінде кейбір өлеңдері жарияланады.

1949—1953 жылдарда ол Оңтүстік Қазақстанның Ильич Мақтарал, Фрунзе аудандарында қазақ орта мектептерінде директор, аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істейді. Ол басқарған мектептер оқу-тәрбие жұмыстары жөнінен облыста алдыңғы қатардан орын алады.

Әдеби, ғылыми ортаға жақындауды арман еткен Р. Бердібай 1953 жылы күзде Алматыға келеді. Қазақ университетінің филология факультетіне әдебиеттанудан берілген бір орынға конкурста жеңіп шығып, аспирантураға қабылданады. 1953—1954 жылдарда ол әдебиет пен сын тарихынан, философиядан кітаптар оқып, білімін толықтырады. Аспирантураның теориялық курсына тамамдайды.

Осы кезде ұзақ жылдар бойында тоқталып қалған «Қазақ әдебиеті» газеті қайта шығатын болады. Сол газеттің бас редакторының орынбасары жазушы Сафуан Шаймерденовтің шақыруымен Р. Бердібай редакцияға әдеби қызметкер болып ауысады. Газеттің бас редакторы белгілі ақын әрі публицист Сырбай Мәуленов еді. Сондай-ақ редакцияда Тәкен Әлімқұлов, Нығмет Ғабдуллин, Мұзафар Әлімбаев, Бердібек Соқпақбаев секілді белгілі қаламгерлер жұмыс істеді. Газет өзінің 1955 жылы қаңтарда шыққан алғашқы санынан бастап, елдің мәдени, рухани өмірін көрсетуге сындарлы тандау жасауға бағыт алғанын көрсетті, көп жылдар бойында баспасөз бетінде өзекті тақырыптар көтерілді. Редколлегия мүшелері Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов т. б. газеттің жаңа, батыл бастамаларын қолдап отырды.

«Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеген жылдар (1955—1959) Р. Бердібайдың әдебиетшілік тағдырында елеулі із қалдырды, ол сыншы публицист ретінде осында қалыптасты. Газет беттерінде ұлттық тарих пен мәдениет мәселелерінің батыл көтерілуі жұртшылықтан қолдау тапты. «Қазақ әдебиеті» ақын, жазушылардың ғана емес, жалпы зиялы қауымның сүйіп оқитын газетіне айналды. Р. Бердібайдың 1956 жылғы 22 сәуірде басылған «Ең үлкен мәдени байлық» деген мақа-

ласында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мен мәдени мұраны меңгеруде орын алған кемшіліктер қатты сыналды; жұртшылық газет бастамасын толық қолдап, ұсыныс, талап-тілектерін айтты. Бірақ қазақ тілі мен мәдениетінің тағдырына орасан залал келтіріп отырған олқылықтардың әшкереленуі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі идеология хатшысына ұнамады. Соның салдарынан Р. Бердібай қудалауға ұшырады; «Қазақстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» газеттерінде оны ұлтшыл деп айыптаған құлаш-құлаш мақалалар жарияланды. Сыншы-публицист қызметтен, соның артынша партиядан шығарылды.

Бірақ газет көтерген жанды мәселелерді мүлде елемей немесе жасырып тастауға болмайтын еді. Қазақтың ұлттық мәдениетін, тілін шетке шығарып тастауға бағытталған мемлекеттік саясаттың залалы ешбір бүркемелеуге көнбейтін деңгейге жеткен болатын. Көптеген облыстық, аудандық қазақ газеттерінің қысқартылып, орысшадан аударма болып шығуы тілдің тамырына балта шабумен бірдей еді. Мәселен, 1956 жылы республикалық «Коммунист» журналы, «Қазақстан мұғалімі» газеті орыс тіліндегі басылымдардың қазақша аудармасы болып шығатын. Облыстық газеттер «Көкшетау правдасы», «Семей правдасы» секілденіп жартылай орысшаға көше бастаған. Қазақтың аса бай эпосынан «Қамбар батырдан» басқалары байшыл-феодалшыл туындылар қатарына жатқызылған... Газет бетінде жұртшылық пікірінің көтерілуі Қазақстан Үкіметі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірнеше арнаулы қаулы алуына негіз болды, асқынған кемшіліктерді түзеу жөнінде кейбір пайдалы шаралар жүзеге асырылды. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында болған жылдарда Р. Бердібай қазақтың ең көрнекті сыншыларының бірі болып танылды, оның қаламынан әдебиеттің актуальды мәселелеріне арналған жүздеген мақала туды. Сыншының «Әдебиет және өмір», «Социалистік реализм туралы», «Қазіргі қазақ прозасындағы замандас бейнесі», «Роман және заман», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Дәстүр тағылымы» тәрізді кітаптарынан көркем әдебиет әлеміндегі жаңалық пен жақсылық атаулыны жігерлі түрде қолдап, насихаттап, жалғандық, жасандылықты таңбалай білетін, қандай құбылыстарды талдағанда да ел мүддесін жоғары ұстап, ақиқатқа сүйенетін күрескерлік мінезі байқалады...

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына ауысканнан кейінгі (1959 жылдан қазірге дейін) уақыт Р. Бердібайдың

шығармашылық тағдырындағы жаңа кезең болып саналды. Сыншыл-публицистің өткір қаламы ғылыми байсалдылыққа, тереңдікке бет алды. Ендігі жерде сыншы жекелеген шығармаларды талдаумен шектелмей, әдеби құбылыстардың заңдылықтарын ашуға ұмтылады. Оның «Қазіргі қазақ романындағы сюжет проблемасы» (1961), «Қазіргі қазақ романдарының теориялық мәселелері» (1970) деп аталған кандидаттық, докторлық диссертацияларынан әдебиеттегі жетекші жанрдың дамуын, жетілу тенденцияларын тануға ұмтылғандық байқалады.

Оның осы кезеңде басылған әдеби-сын мақалалар жинағы мен монографиялары көркем әдебиет ерекшеліктерін білетін, зерттеу тәсілдерін игерген, қазақ әдебиетінің туындыларын әлемдік, көркемдік даму тәжірибесімен салыстыра отырып талдауға қабілетті сыншы, зерттеуші тұлғасын танытады. «Қазақ романы», «От легенды к роману», «Биік парыз», «Замана сазы», «Қазақ тарихи романы» деген кітаптарында кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің әсіресе, роман жанрының қалыптасу және даму процесін талдап көрсетеді. Алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихы» қазақ әдебиеттану ғылымының алпысыншы жылдарға дейінгі жетістігін қамтыған аса құнды басылымдар болғаны белгілі. Р. Бердібай осы еңбектің жазылуына белсене атсалысып, оның төрт кітабына автор, бір кітабына редактор ретінде қатысты. Сонымен қатар ол Мәскеуде орыс тілінде шыққан «Көп ұлтты совет әдебиеті тарихы» авторларының бірі болды.

Қазақ романының туу, қалыптасу жолдарын, көркем жинақтаушылық қуатын, өмір шындығын неғұрлым кең қамтып көрсеткен қырларын жүйелеп зерттеуі әдебиеттану ғылымына қосылған үлес деп бағаланды. Р. Бердібай еңбектерінде романның дүниетаным және оқиға таңдау, идея және композиция, сюжет пен характер, тартыс табиғаты, қаһарман және өмірлік орта, шындық пен көркемдік шешім секілді теориялық мәселелері тұңғыш рет арнайы қарастырылды. Осы және басқа да мәселелердің сындарлы зерттелгенін Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, Т. Нұртазин, М. Қаратаев, С. Қирабаев жоғары бағалады.

Көркем әдебиеттің әзірден қалыптасып тәжірибеден өткен заңдылықтары мен шарттылықтары қазақ романында қаншалық орындалған деген сұрауға жауап іздей келіп, Р. Бердібай «әдебиетіміздің жетістігі» деп есептеліп келген «Сырдария», «Миллионер» тәрізді романдардың жасанды тартысқа құрылғанын, сондай-ақ, «Оянған өлке» сынды даңқы аспандап тұр-

ған шығарманың оқиғалық негізі мен құрылысындағы кейбір сәйкессіздіктерді ашып, мұның бәрі қазақ роман жанрының балаңдығына байланысты екенін де көрсетті.

Қазақ тарихи романының жанрлық ерекшеліктерін, қалыптасу, көркею жолдарын жан-жақты зерттеушілердің бірі Р. Бердібай екені белгілі. Ол қазақ әдебиетінің осы замандығы ең биік көркемдік жетістігі «Абай жолы» роман-эпопеясының творчестволық тарихын, сюжеттік-композициялық дара бітімін, шығармадағы кесек көркем-характерлер табиғатын, суреткердің портрет, пейзаж, қаһармандардың тілдік өзгешеліктерін, ішкі монологтар берудегі қайталанбас шеберлігін монографиялық жүйеде зерттеді. Қазақ әдебиетінде тарихи романтикалық дәстүрді дамытуға үлес қосқан І. Есенберлин, Ә. Әлімжанов, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев т. б. жазушылардың шығармаларын кеңінен талдады. Оның «Қазақ тарихи романы» (1979), «Тарихи роман» (1997) деген монографияларында М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын, І. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда», Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», М. Мағауиннің «Аласапыран», Ә. Әлімжановтың «Жаушы», «Махамбеттің жебесі», «Ұстаздың қайтып оралуы», С. Сматаевтың «Елім-ай», Д. Досжановтың «Жібек жолы» романын талдауға кең орын берілген. Сондай-ақ бұл кітаптарда С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз», А. Тоқмағамбетовтың «Жыр күмбезі», Д. Әбіловтің «Ақын арманы», З. Ақышевтің «Жаяу Мұса», Ж. Молдағалиевтің «Алғашқы қоңырау», С. Жүнісовтің «Ақан сері» атты тарихи-биографиялық романдарындағы өмір шындығы мен көркемдік шындық, типтік бейнелердің жасалу жолдары арнайы зерттелген. Зерттеушінің еңбегінде тарихи революциялық романдардың идеялық-көркемдік сипаттары кеңінен қамтылып, қазақ әдебиетіндегі көркемдік дамудың ролін көрсетуге де айырықша көңіл бөлінген. Бұл қатарда Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш», «Тағдыр», Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», Қ. Сәрсекеевтің «Қызыл жалау», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық», З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин» т. б. романдарын атауға болады. Қазақ кеңес әдебиетінің өмір, заман, адам шындығын неғұрлым кең де, терең де қамтыған саласы тарихи романдарды жүйелі де білікті зерттеуі Р. Бердібайдың ғылыми еңбектерінің негізгі саласының бірі.

Р. Бердібай 1968—1970 жылдарда жаңадан құрылған Қазақ совет энциклопедиясы Бас редакциясының тұңғыш жауапты секретары болды, энциклопедия томдарына сөзтізбе екшеу, ережелер әзірлеу, өзге елдер басылымдарының озық

тәжірибесін пайдалану, «жабық» жатқан тақырыптарды, ұмытылған есімдер мен еңбектерді іздеу жұмыстарын ұйымдастырды. Әміршілдік, әкімшілдік жүйе дәуірлеп тұрған шақта энциклопедияға бұрын «қараланған», әшкереленген есімдерді енгізу қиынның қиыны еді. Ұлттық терминдер құрамын ауыз әдебиетінің, шежіренің мағлұматтары арқылы толықтыру, бұрынды-соңды өмір кешкен ақындар, жыраулар, шайырлар, жыршылар, өлеңшілер, әнші-күйшілер, сал-серілер өмірі мен шығармашылығын «қатарға қосу» жөнінде қыруар жұмыс атқарылса, осы істің басы-қасында Рахманқұл Бердібай болғанын көреміз.

Қазақстан Ғылым академиясының президенті, халқымыздың ардақты азаматы Шаһмардан Есеновтің ұсынысы бойынша Р. Бердібай 1973 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклор бөлімінің меңгерушілігіне ауысады. Бұл бөлімді бұған дейін М. Әуезов, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин секілді аса көрнекті ғалымдар басқарып еді. Әдебиет пен фольклордың бір-біріне өте жақындығымен қатар күрделі айырмашылықтары да бар. Әдебиет сыншысының бірден фольклоршы болуы оңай емес-тін. Сол үшін Р. Бердібай фольклоршы ретінде «қайта мамандандыру» жолынан өткені түсінікті. Көп ұзамай фольклор бөлімінің қызметкерлері осы заманның жетік методологиялық талаптарына жауап бере алатын ұжымдық еңбектер жаза бастады. Мәселен, «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ фольклорының тарихилығы», «Қазақ фольклорының поэтикасы», «Қазақтың архаикалық фольклоры», «Фольклор және оның этнографиялық негіздері» деген зерттеулер Қазақстанда ғана емес, жалпы Орта Азия көлемінде тұңғыш рет жасалғанын айту керек. Ал «Қазақ фольклористикасының тарихы» деген аса бағалы еңбек үшін кітаптың бір топ авторларына, соның ішінде Р. Бердібайға Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық берілді.

Сонымен соңғы жиырма жылдан артық уақыт ішінде Р. Бердібай белгілі фольклоршы, фольклортану жұмыстарын ұйымдастырушы сипатында танылды. Оның қаламынан «Жыршылық дәстүр» (1980), «Қазақ эпосы» (1982), «Сарқылмас қазына» (1983) тәрізді монографиялар туды. Бұл еңбектер оның қазақ фольклортанушыларының көш басшысы, эпостану ғылымының негізін салушылардың бірі екендігін сипаттайды. Эпикалық мұраны жанрлық-стадиялық жағынан зерттеу мәселесін методологиялық жағынан негіздеп дәлелдеу — эпостанушылардың тұтас бір мектебін қалыптастыруға жол ашты.

Бұл кезге дейін қазақ эпосын тақырыптық жағынан жіктеп, жүйелеу тәсілі үстем болып келсе, Р. Бердібай оны адамзаттың дамуындағы жалпы заңдылықтарға орай архаикалық, классикалық (қаһармандық), ғашықтық (романдық) және нақтылы тарихи эпос деп төрт топқа бөліп қарауды негіздеп дәлелдеді, республика жоғары оқу орындарының фольклортану бағдарламаларында да осылай жіктеу қабылданды.

Эпикалық мұраны жанрлық-стадиялық жағынан жүйелеу өте күрделі мәселе. Егер бұрынғы зерттеулердің бәрінде дерлік жырдың шыққан кезі «есте жоқ ескі заман туындысы» деп жалпылама сипатталып келсе, «Қазақ эпосы» деген еңбекте адамзаттың алғашқы қауымдық кезеңінің дүниені тану дәрежесін елестететін, көбінесе мифтік, ертегілік, эпсаналық фбулаларға құрылған жыр, аңыздаулар («Құламерген», «Мұңлық-Зарлық», «Дотан батыр», «Құбығұл» т. б.) екені тұжырымдалып, немесе слар архаикалық жырлар тобында қарастырылады. Сондай-ақ, мемлекеттік құрылымдар пайда болған дәуір ақиқатына негізделген қаһармандық эпос («Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» т. б.) эпикалық дамудың жеке саласын құрайтыны көрсетілді. Осылайша ғашықтық (романдық) және шығармаға алынған оқиғалары мен адамдары, елі, жері анық көрсетілетін туындыларды («Абылай», «Қабанбай батыр» т. б.) нақтылы тарихи эпос деп белгілеу қажеттігі ескеріліп, күллі эпикалық байлық ссы аталған төрт шеңбердің аясына жинақталды.

Р. Бердібай ұзақ жылдар бойында халыққа жат, зиянды мұра саналып келген қазақ-ноғайлы жырларының қайта оралуына көп еңбек сіңірді. Ол сексенінші жылдарда бүкілодақтық және республикалық баспасөз бетіндегі мақаласында, түркология мәселелеріне арналған конференцияларда жасаған баяндамаларында қазақ эпосының қымбат ескерткіштері: «Едіге батыр», «Орақ — Мамай», «Қарасай — Қазы», «Шора батыр», «Ерсайын» т. б. зерттеу, жариялау мәселесін жігерлі түрде көтерді, бұл тарапта жұртшылық пікірінің қалыптасуына ықпал жасады. Бұл аталған және басқа эпикалық мұра жайында «Эпос — ел қазынасы» деген монография жазды. Кітапқа енген «Эпос тудырған дәуір», «Эпостың тарихилығы туралы», «Қырымның қырық батыры», «Едіге деген ер еді», «Ер Шора», «Қаһармандық жыр — халық естелігі», «Ерлік ел мұраты» атты зерттеулер эпикалық мұрамыздың тұтас бір бөлігін талдауға арналған. «Халық ауыз әдебиетін жасаушылар мен дайындаушылар», «Түрік халықтары ауыз әдебиетін-

дегі ортақ сарындар» тәрізді еңбектердің әрқайсысында тың ойлар мен тұжырымдар бар. Мәселен, ғалым ХІХ ғасырдың орта тұсында қазақ елінің тәуелсіздігі үшін қол бастаған Кенесарыны күллі Орта Азия халықтарының ортақ, азаттық мүддесін көздеген ұлы қайраткер деп бағалайды.

Қазақ эпикалық аңыздарын зерттеумен қатар Р. Бердібай түрік халықтарының дастан, жырларына да көңіл бөліп келеді. Ол қырғыз халқының ұлы эпопеясы «Манас» пен қазақтың эпикалық дәстүрінің байланысы жөнінде монография жазды, ол еңбек «Адамзаттың «Манасы» (1995) деген кітапта жарияланды. Түрік халықтарының көне дәуірдегі рухани туыстығының зор ескерткіші — «Қорқыт» хақындағы қазақ аңыз, әпсаналары жайындағы мақаласы қазақ, түрік тілдерінде басылды. Түрік халықтарының ауыз әдебиетіндегі ортақ сарындардың түп негіздерін, заңдылықтарын ашу мәселесі де қазіргі фольклортану ғылымын жаңа биікке көтеретін бағыт болып отыр. Қазақтанудан түріктануға қарай бағыт алу Р. Бердібайды аса қызғылықты, ғылыми өнімді өріске түсіргенін көреміз. Қазақ пен туысқан түрік халықтарының арасындағы байланыстарды зерттеу іргелі ғылымның көкжиегін кеңейте түседі. Мұның бастамалары Р. Бердібайдың қазақ — қырғыз, қазақ — қарақалпақ, қазақ — ноғай, қазақ — башқұрт ауыз әдебиетінің байланыстарына арналған зерттеу мақалаларында көрінеді.

Қазақстанның егемендік алуы, дүние жүзіндегі ең беделді ұйым — Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы көптеген елдермен тең құқықты экономикалық мәдени байланыстар жасауға мүмкіндік тудырды. Әсіресе, тарихы, тілі, діні, тағдыры ұқсас түрік халықтарымен қарым-қатынас күшейіп, жаңа деңгейге көтерілді. Бұл халықтардың фольклоры мен әдебиетіндегі ортақ сарындарды зерттеу рухани құндылықтардың түп негізін тануға көмектеседі. Р. Бердібайдың «Байкалдан Балқанға дейін» (1996) деп аталған ғылыми-көпшілік мақалалар жинағында жиырма беске жуық түрік тілдес халықтардың тарихи, мәдени, фольклорлық ескерткіштері, бұлардың арасындағы ұқсастық сөз болады. Кітапқа саха, алтай, хақас, ұйғыр, тобалар, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, татар, башқұрт, әзірбайжан, құмық, ноғай, қарашай, малқар, месхет түріктері, қарайым, қырым татарлары, Түркпен түріктері хақында очерктер мен мақалалар енген, бұл халықтардың адамзат өркениетіне қосқан үлестері қызғылықты әңгімеленген, ежелгі туыстық пен бірлік көптеген көркем ескерткіштерде сақталғаны айтылған. Мәселен, қазақтың «Алпамыс батыр» жырының сарыны алтай

қарақалпақ, өзбек, татар, башқұрт, әзірбайжан эпостары мен ертеңдерінде кездесетіні, «Қозы-Көрпеш — Баян сұлудың» фбулалық негізі қазақтарда, алтайлықтарда, башқұрттарда, ноғайлар мен қырым татарларында, «Қобыланды батырдың» қазақ пен қарақалпақта, қазақтың «Қырымның қырық батыры» жыр тізбегінің ноғайларда ұшырасатыны, «Көрұғлы» қаһармандық эпосының Кіші Азия, Кавказ, Орталық Азия халықтарына кеңінен танымалдығы, Қорқыт хақындағы аңыздар мен эпсаналардың көп таралған жері Қазақстан екені т. б. мол мысалдар тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени байланыстардың түп тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл еңбекте қазақ халқының Ресей империясының зорлық-зомбылығы салдарынан ең құнарлы жерлерінен айырылып, жер-дүниеге шашырап кетуге, ашаршылыққа т. б. алуан түрлі қысымшылыққа душар болғанының қасіретті тарихы жазбаша құжаттар негізінде баяндалады; қазақтың ежелгі астанасы Түркістанға қатысты деректер келтіріледі; шет елдерде атажұртты сағынып жүрген төрт миллионнан астам бауырларымыздың ата-баба қонысына оралуына кедергілерді алып тастау қажеттігіне тоқталады; Қазақ елінің ішкі ынтымағы, түрік халықтарының өзара байланысын күшейте түсуді және имандылық тәрбиесінің қайнар көзі болып табылатын ислам рухын қалпына келтіруді биік мұрат деп санайды. Ғалымның халық тілін, салтын, тарихын, дәстүрін білмейтін және білгісі келмейтін, өз еліне дұшпаннан бетер қатыгездікпен қарайтын аты қазақ, заты дұбараларды көзқамандар (арғы түбірі «Манас» эпосынан алынған сөз) деп таңбалауы жаңа термин болып қалыптасты.

Р. Бердібай еңбектерінің тақырып ауқымы кең. Оның қаламынан туған отызға жуық кітаптың дені қазақ фольклоры мен кеңес дәуіріндегі әдебиетке арналғанымен, бұдан басқа саладағы зерттеулері де елеулі. Оның әдебиеттер байланысы мәселелерін талдайтын «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970), «Дастық кемесінде» (1976) деген кітаптары да әдеби жұртшылықтың ілтипатына ие болды. Бұларда шығыстың ақындық өнері арасындағы үндестік пен сарындастық тамырлары таныстырылды. Ал «Өшпес өнеге» атты кітап (1984) тұтасымен орыс әдебиетінің ұлы жазушылары мен сыншыл ойшылдарының шығармашылығын насихаттауға арналған. Р. Бердібайдың жекелеген зерттеулері мен мақалалары орыс, ағылшын, түрік, өзбек, татар тілдеріне аударылған...

Әдеби сыншылық, ғылыми, публицистикалық жұмыстармен қатар Р. Бердібай ұстаздықпен де айналысады. Соңғы отыз-

қырық жыл ішінде ол қазақтың Әл-Фараби атындағы және Алматының Абай атындағы мемлекеттік университеттерінде қазақ әдебиеті мен фольклорынан дәріс беріп келеді.

Сондай-ақ орта мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы» (1971), «Қазақ совет әдебиеті» (С. Қирабаевпен, Н. Ғабдуллинмен бірлесіп жазылған, 1989), «Тарихи роман», «Эпос мұраты» (1997) деген оқулықтар мен қолданба құралдардың авторы. Соңғы кезде А. Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушілігі қызметін де атқарып жүр. Оның жетекшілігімен 25 ғылыми қызметкер филология ғылымы саласынан кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Олардың қатарында қазақтармен қатар ұйғыр, түркімен, қарақалпақ, өзбек халықтарының да өкілдері бар.

Р. Бердібай Тбилиси, Баку, Ашхабад, Душанбе, Ташкент, Алматы, Мәскеу, Қазан, Уфа, Вильнюс, Бішкек, Кишинев, Элиста қалаларында өткен халықаралық, бүкілодақтық, аймақтық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасаған. Ол Америка Құрама Штаттарының Вашингтондағы Сиэтл университетінде қазақ фольклорынан дәріс (1991, 1992) оқыды. Түркияның Анталия, Ізмір, Анкара қалаларында ұйымдастырылған «Түрік ұлттары мен ұлыстарының достығы, туысқандығы және іс бірлігі құрылтайында» (1992, 1994, 1996) түрік алфавиті мен терминдері, фольклорының ортақ проблемаларын талқылауға қатысты. Ғалым Түркия, Монғолия, Татарстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Қырғызстан фольклоршыларымен тығыз байланыс жасап тұрады.

Қоғам қайраткері сипатында да Р. Бердібай аса маңызды жұмыстар атқарды. Ол отыз үш жыл бойында Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінің ректоры қызметін қоғамдық негізде жүргізіп келеді. Ұлы жазушы М. Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражай үйіне орналасқан бұл университет ғылыми білімдер тарататын белгілі орынға айналды. Онда қазақ халқының соңғы екі мың жыл ішіндегі тарихи, мәдени, әдеби, фольклорлық ескерткіштері, тарихымыздың белес кезеңдері мен қайраткерлері хақында 500-ден артық сабақ-дәріс өткізілді. Халық университеті жартылай ұмытылған әдеби-музыкалық дәстүрлерді жаңғыртуға да ат салысты: қазақтың жыршылық-жыраулық, төкпе ақындық, күйшілік, әншілік өнерінің жандануына, көне музыкалық аспаптардың қайта жаңғыруына көмектесті; халық шығармаларын

орындайтын ондаған өнерпаздардың құнды репертуары жазып алынды. Тарихымыз бен мәдениетіміздің көмескі қалып келген беттерін қайта парақтауға мүмкіндік беретін ондаған қызғылықты, нәрлі дәрістер өткізіліп, солардың бәрі ұнтаспаға жазып алынды. Қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінің сан қырлы жұмыстары арнаулы зерттеуге лайық.

Р. Бердібай Қазақстан Жазушылар одағының, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының, шет елдермен мәдени, достық қарым-қатынастар жасайтын республикалық қоғамдық басқарманың мүшесі, Қазақстан — Иран достық қоғамының төрағасы. Ол «Жұлдыз», «Абай», «Ислам әлемі» журналдарының, «Қазақстан Ғылым академиясы Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы» журналының, Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті «Хабаршысының», «Ана тілі» газетінің редакция алқасының мүшесі.

Ғылыми еңбектерінің іргелілігі мен көкейкестілігі, талант қарымының кең құлаштылығы Р. Бердібай есімін өз елімізде ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы жетекші әдебиеттанушы, түркітанушы ғалымдар қатарына қосты. 1998 жылы ғылыми қауым тарапынан жоғары бағаға ие болған «Эпос — ел қазынасы» атты монографиясы үшін Махмұд Қашғари атындағы Халықаралық сыйлық беріліп, сол жылы Отан алдындағы ғылымға сіңірген көп жылғы жемісті еңбегі үшін ғалымдар арасында алғашқылардың бірі қатарында тәуелсіз еліміздің жоғары төл құрмет белгісі — «Парасат» орденімен марапатталды.

*Серікқазы Қорабай,
филология ғылымының кандидаты*

**КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ, ЛИТЕРАТУРНО-
КРИТИЧЕСКОЙ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
ЧЛЕНА-КОРРЕСПОНДЕНТА АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Р. БЕРДИБАЯ**

Рахманкул Бердибай родился 2 декабря 1927 года в ауле Кскиш вблизи поселка Ихан Туркестанского района Южно-Казахстанской области. Учился в средней школе рудника Ащисай, в 1944 г. окончил Туркестанское педагогическое училище.

В 1944—1945 гг., работая нормировщиком Ащисайского рудника, Р. Бердибай знакомится с тяжелым, но почетным трудом горняков. В это же время пробует писать стихи и очерки. Первое его стихотворение «Молодой горняк» было опубликовано в 1945 г. в газете «Оңтүстік Қазақстан», тогда же стали публиковаться очерки Рахманкула, посвященные горнякам («В десятом горизонте» и т. д.). Горняцкая жизнь учит его многому: возглавляя работу кружка художественной самодеятельности клуба в поселке Ащисай, он овладевает игрой на домбре, блестяще исполняя кюи Курмангазы и Даулеткерейя, аккомпанирует на гармонии исполнителям хора, организует концерты в масштабе района.

После победы над фашистской Германией Рахманкул вместе со сверстниками приезжает в Алматы, чтобы осуществить свою давнишнюю мечту — поступить в консерваторию. Хотя и способности поступить в это высшее музыкальное заведение у талантливого юноши хватало, но из-за материальных трудностей пришлось проститься с мечтой. Он сдает документы на филологический факультет Казахского государственного университета имени С. М. Кирова, но вновь сталкивается с преградами: ко времени его приезда здесь уже закончились вступительные экзамены. И только благодаря содействию проректора университета по учебной работе Х. Ибрашева, которому были показаны опубликованные стихи и очерки Р. Бердибая, он оказался студентом этого престижного вуза.

Отлично завершив три семестра университета, Рахманкул переходит на заочное отделение. 1 января 1947 г. вместе с самодеятельными домбристами университета он исполняет несколько кюев на сцене Казахского театра оперы и балета. В период заочной учебы преподает казахскую литературу в родной школе поселка Ащисай.

В 1948/49 учебном году он успешно заканчивает факультет казахского языка и литературы Кызылординского государственного педагогического института, в стенах которого большое влияние на него оказали лекции видного ученого Ауелбека Қоныратбаева. Тогда же на страницах областной газеты «Ленин жолы» Р. Бердибай публикует свои новые стихотворения.

В 1949—1953 гг. Р. Бердибай работает директором, инспектором районного отдела народного образования Ильичевского, Мактаральского и Фрунзенского районов Южно-Казахстанской области. Руководимые им школы были одними из передовых учебных заведений области по учебно-воспитательной работе.

В 1953 г. Р. Бердибай приезжает в Алматы, чтобы быть ближе к литературной и научной среде, и поступает в аспирантуру Казахского государственного университета, победив в конкурсе по литературоведению. В 1953—1954 гг. он углубляет и дополняет свои знания по истории литературы и критики, философии, завершает теоретический курс аспирантуры.

В тот момент после долгого периода возобновилось издание газеты «Қазақ әдебиеті». По приглашению заместителя редактора газеты, писателя Сафуана Шаймерденова, Р. Бердибай переходит в редакцию в качестве литературного сотрудника. В то время главным редактором газеты был знаменитый поэт и публицист Сырбай Мауленов, в редакции работали такие известные литераторы, как Такен Алимкулов, Ныгмет Габдуллин, Музафар Алимбаев, Бердибек Сокпакбаев. Со дня выхода в свет первого номера газеты в январе 1955 г. стало очевидно, что ее издатели взяли курс на всестороннее освещение культурной и духовной жизни страны, поднимая на страницах актуальные проблемы. Члены редколлегии Мухтар Ауэзов, Сабит Муканов и др. постоянно поддерживали эти новые, смелые начинания.

Годы работы в газете «Қазақ әдебиеті» (1955—1959) оставили заметный след в литературной судьбе Р. Бердибая, благодаря этому он состоялся как критик и публицист. Проб-

